

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚИТУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ ТАНЫМДЫҚ МОТИВТЕРІ

Карипжанова Шырын Саулебекқызы

магистрант I курс

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Ғылыми жетекші: п.с.ғ.к. профессор

Сабилова Райхан Шайхышевна Е.А.Бөкетов

атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Бүгінгі күнгі қоғамда белең алып тұрған инновация мәселесі, елімізді сан ғасырлық өмірінде рухани реформаға бастады. Қазіргі уақытта білім алудың ілгері даму мүмкіндігі зор тәсілдерінің бірі – заманауи интернет желісін қолдана отырып, қашықтан оқыту. Қашықтан оқыту дегеніміз – интернет ресурстарына сүйемелдеуімен өтілетін оқытудың формасы, яғни интернет желілерінің көмегімен белгілі бір арақашықтықта оқыту. Қашықтан оқыту ұғымын кең мағынада қарастырсақ, бұл – студенттер мен оқытушылардың бір-бірінен кеңістікте алыстатылған оқу формасы. Ол қазіргі жаңа ақпараттық технологияларды (аудио-визуальды құралдар, дербес компьютерлер, телекоммуникация құралдары, т.б.) пайдаланау арқылы жүргізілетін оқу процесі. Қашықтан оқытуды ұйымдастырудың 3 түрлі формасы бар: онлайн (синхрондық) және оффлайн (асинхрондық), және кең таралған үшінші түрі вебинар. Онлайн оқыту режимі дегеніміз – интернет ресурстарының көмегімен ағымдағы уақытта белгілі бір қашықтықта мұғалім экранын көру арқылы оқытуды ұйымдастыру формасы. Оффлайн режимдегі оқыту дегеніміз - интернет ресурстарының көмегімен оқытушылар мен студенттер арасындағы ақпарат алмасуды қамтасыз етуге мүмкіндік беретін оқытудың формасы. Вебинар дегеніміз – интернет желілерінің көмегімен семинарлар мен тренингтер өткізу формасы. Қашықтан оқыту технологиясының алғашқы сатысында оқытушылар компьютерлік техниканы ұтымды пайдалана отырып, үздіксіз білім беру принциптерін ойдағыдай іске асыру қажет. Соған орай, қашықтан оқытуды дамыту үшін қашықтан оқытудың ақпараттық кеңістігін құру, студенттердің танымдық мотивтерін арттыра білуіміз шарт. Бұл ретте қашықтан оқыту жүйесінің әдістерінде көрсетілгеніндей, көңіл-күй, психологиялық қарым-қатынас, танымдық мотивтері айрықша орын алмақ.

Психология ғылымында мотивация жеке бастың мінез-құлқы, іс-әрекеті мен белсенділігін реттейтін фактор ретінде анықталады. Қазіргі таңда психология ғылымы мотив, мотивация ұғымдарына әр түрлі анықтамалар береді. Кейбір авторлар (В.В. Юрчук, М. Кордуэлл) мотив ұғымы арқылы психикалық құбылысты сипаттаса, ал басқалары (А.К. Маркова, В.И. Ковалев) жеке тұлғаның қылықтары мен іс-әрекетті таңдау себептерін түсіндіреді. Мотивтің мотивациядан айырмашылығы, мотив – субъектінің тұрақты, жеке басына тән қасиеті және белгілі бір іс-әрекет жасаудағы ішкі оятықш күші болып табылады [1]. Мотивтер, қажеттіліктер және мақсаттар – адамның мотивациялық сферасын құрайтын негізгі элементтер. Қашықтан оқытудағы студенттердің танымдық мотивтері дегеніміз студенттердің ғылымға деген қажеттіліктері мен қызығушылығын айтамыз.

Жалпы студенттердің оқу үрдісіне қатысты орын алатын мотивтерді үлкен екі топқа бөлуге болады: 1) танымдық мотивтер; 2) әлеуметтік мотивтер. Танымдық мотивтер өз ішінен бірнеше шағын топтарға бөлінеді: 1) кең ауқымды танымдық мотивтер; 2) оқу-танымдық мотивтер; 3) өзін-өзі дамыту мотивтері. Ал әлеуметтік мотивтердің түрлері мынадай болады: 1) кең ауқымды әлеуметтік мотивтер; 2) тар ауқымды әлеуметтік мотивтер немесе позициянды мотивтер; 3) әлеуметтік тұрғыдан бірлесіп еңбек ету мотиві [2]. Оқу қызметі мотивтерін жалпы және педагогикалық психология арнасында А.Н.Леонтьев зерттеді. Л.И.Божович және оның қызметкерлері мотивтерді ұзақ уақыт және барынша тиімді зерттеді. Адамның қандай мақсатпен оқитындығын, оны оқуға талпындыратын себептерді оқу мотивтері дейміз. Студенттердің оқу үлгерімдері үшін танымдық мотивтер маңыздылығы айрықша. Оқуға кеткен уақыт, оқудың қиындығы немесе жеңілдігі, мамандыққа көзқарас, академиялық үлгерім және студенттердің оқу қызметтерінің басқа да көрсеткіштері негізінен мотивтердің осы түрлерінің нақтыланған дәрежесімен анықталады.

Танымдық іс-әрекет жоғарғы оқу орындарында оқу-тәрбие үрдісінің барлық саласында көрініс табады. Қазіргі тәрбие, оқытудың ең көкейкесті мәселелерінің біріне танымдық қызығуды жатқызамыз. Танымдық әрекет – студенттердің білімге деген өте белсенді ақыл-ой әрекеті. Танымдық әрекет танымдық қажеттіліктен, мақсат, танымдық уәж және әрекетті орындаудың тәсіл-амалдарынан тұрады. Танымдық әрекеттің негізінде студенттерде танымдық қызығу, танымдық ізденімпаздық қалыптасады. Бүгінгі қоғамда ҚР-да білім берудің мемлекеттік бағдарламаларына сәйкес жоғарғы оқу орындарындағы оқыту мен тәрбиелеу маңызы түбегейлі өзгеріп, алғашқы кезекке бұрынғыдай студентті пәндік білім, білік және дағдылардың белгілі бір жиынтығымен қаруландыру емес, жаңа технологияларды пайдалана отырып жеке бас тұлғасын қалыптастыру, студенттің оқу-танымдық іс-әрекетін дұрыс және тиімді ұйымдастыру мақсаты алға қойылып отыр. Танымдық мотивтер көбіне студенттердің қажеттіліктерімен байланысты. Оқытудағы танымдық мотивтерді жетілдірудің екі түрі бар. Бірі ішкі мотивтер студенттердің өзін-өзі жетілдіру мотивін қарастырсақ, екіншісі сыртқы мотивтер сапасына ынтымақтастық, жарысу, жетістікке жету, сыйақы және т.б. қарастырамыз. Отандық психологиялық

зерттеулерде көретілгендей жетістікке жету мотивациясы белгілі бір дәрежеде адамның кәсіби қызметінің тиімділігін және еңбекпен қанағаттанғандығын анықтайтын, сонымен қатар мамандыққа деген позитивті қатынасты қарастыратын, төмен айқындалған алаңдаушылық, тиімді психикалық бейімделу түріндегі позитивті фактор ретінде қарастырылады. Қашықтықтан оқытудағы студенттердің ғылыми-танымдық мотивтерін дамытуда біріншіден пәндік мазмұнынмен байланыстырамыз. Студент танымдық мотивтерін көтеруде студенттер жақсы оқу үшін білімнің өмірде керек екенін түсінуі және сол білімге қызығуы қажет. Студенттердің қызығушылығын арттыру. Мотив-мақсат ретінде болатын кәсіби маман болуға талпыну оқу қызметін кәсіптік мазмұнмен толтырады. Қашықтықтан оқыту технологиясында студенттердің танымдық мотивтерін дамытуда оқытушылар жұмыс жасауда біріншіден оқытушылар оқу мақсатын дұрыс қойылуын қадағалау, екіншіден оны шешудің жолдарын бірлесе қарастыру, үшіншіден шешімнің дұрыстығына көз жеткізе білу шарт. Соның ішінде студенттермен кері байланыс орнатудың маңызы айрықша. Студенттермен кері байланысты ұйымдастыру әдістерінде қашықтықтан оқытуда студенттердің танымдық мотивтерін анықтауда маңызы айрықша. Білімталушылардың орындаған жұмыстарының нәтижелерін қабылдау; орындалған тапсырмаға талдау жүргізу; пікір жазу және ұсыныстар беру; білім алушыны тексеру нәтижелерімен таныстыру; студенттер үшін, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттер үшін жеке консультациялар өткізу қажет. Кері байланыс: электрондық журналдар, интернет-платформалар; электрондық пошта; whatsapp, telegram мессенджерері және т. б.; ұялы және стационарлық телефон байланысы; пошта байланысы арқылы жүзеге асырылады. Сапалы терең білімді меңгеруге талпынған өскелең ұрпақтың сауаттылығын дамытуда жаңа технологияның барлық мүмкіндіктерін пайдаланаған абзал. Сол мүмкіндіктерді нәтижелі қолдану оны студенттерге жеткізу оқытушының біліктілігіне, біліміне, тәжірибесіне байланысты. Қашықтықтан оқытуда студенттердің танымдық мотивтерін арттыруда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды талаптарға сай пайдалануды талап етеді. Қашықтықтан оқыту кезінде керсінше студенттерге бұрынғыдан да қатты жақын байланыс орната білуіміз керек. Студенттерге барынша түсінікті болатындай етіп жағдай жасай отырып, олардың білімін арттыру. Тек бұл жүйеде жақсы жұмыс істеу үшін ғаламтордың озық қосымшасы болу қажет. Алғашқы сабақтан бастап психологиялық тұрғыдан алсақ, студенттердің талпынысын, ынтасын одан сайын шабытын оята білуіміз қажет. Оқытушылар дәріс, семинар сабақтарына бұрынғыдан бетер жауапкершілікпен дайындалып, үлкен ізденіс жасау шарт. Түрлі білім порталдары арқылы оқытушылар дайындығын пысықтап, студенттердің пәнге деген қызығушылығын одан әрі дамыта білу керек. Қашықтан оқыту технологиясында студенттердің танымдық мотивтерін жақсартуда, оқытушы негізгі міндеттерді жүзеге асыра білу керек, студенттерде негізгі туындайтын мәселелерді қарастыру; дәріс және семинар сабақтарына мақсат пен міндеттерді дұрыс қою; білім, тәжірибелерді беру; дұрыс ұйымдастыру қызметін жасау; білім алушылардың арасында өзара байланысты ұйымдастыру; оқу процесін бақылау. Осы процестер дұрыс ұйымдастырылғанда студенттердің танымдық қабілеттерін дұрыс қалыптастыра білеміз. Дәріс өткізу барысында аудиовизуалды құралдар: графика, аудио, бейнематериалдар, презентациялар қолдану қажет. Оқу материалдары, оқыту әдістері мен амалдары түрлі және қызықты болуы керек. Сабаққа арналған оқу тапсырмаларын электрондық платформалардың мазмұны мен мүмкіндіктерін ескере отырып әзірленуі керек.

Студенттер өздігінен оқуы үшін оқу материалын, электрондық оқу құралдарын ұсыну шарт. Студенттерге кез келген уақытта қайта қарауға электронды платформада орналастырылған немесе оқытушы өткізген дәріс сабағының бейне сабағын қайта көруге мүмкіндік жасау. Білім алушылардың жеке мүмкіндіктерін ескере білу қажет. Оқытушылар кез-келген қол жетімді режимде студенттермен байланысты үзбеу шарт. Тест тапсырмалары, емтихан сұрақтары, практикалық және шығармашылық тапсырмалар оқытушылар алдын-ала әзірлейді және жалпы қол жеткізу үшін ақпараттық платформаға орналастыру шарт. Студенттердің қабелетін еске ала отырып, олардың білімін дұрыс бағалау, ақпаратты дер кезінде жеткізе білу шарт. Елбасымыз жолдауында айтқандай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет». Білікті, білімді ұрпақ тәрбиелеу ол бүгінгі заман талабы. Ұлтына шын жанашыр болып, болашағын ойласаң, ұлы Хазірет Әлидің сөзімен айтқанда: «Балаларды өздерің болмайтын уақыт үшін тәрбиелендер. Өйткені, олар сендер болмайтын уақыт үшін жаралған» деуі арқылы сол кезде-ақ болашақ мемлекеттің іргесі берік болу үшін ұрпақ тәрбиелеуде аталы терең мағыналы сөзін қалдырған еді [3]. Еліміздің болашағы – ол бүгінгі ұрпақ. Ал ұрпағымыз білімді болса, еліміздің болашағы жарқын болмақ. Қашықтықтан оқытуда студенттердің танымдық мотивтерін дұрыс қалыптастыру арқылы интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген студенттердің адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, білімгер тұлғасын дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тәрбие ұйымдастыруына көмектеседі. Абай Құнанбаев «Адам баласына жыртқыссыз, кірсіз, сыпайы киініп, һәм ол киімін былғап, былжыратпай кимей, таза кимек – дұрыс іс. Ләкин өз дәулетінен артық киінбегі, не киімі артық болмаса да, көңіліне қуат тұтып, тым айналдырмақ кербездің ісі. Кербездің екі түрлі қылығы болар: бірі бет-пішінін, сақал-мұртын, мүшесін, жүрісін, қас-қабағын қолдан түзетіп, шынтағын көтеріп, қолын тарақтап әуре болмақ. Біреуі атын, кимін «айран ішірем» деп, солардың арқасында сыпайы, жұғымды жігіт атанбаққа, өзінен ілгерілерге елеулі болып, өзі қатардағының ішін күйдіріп, өзінен кейінгілерге «әттең дүние-ай, осылардың атындай ат мініп, киміндей киім кигеннің не арманы бар екен?!» дейтұғын болмаққа ойланбақ. Мұның бәрі – масқаралық, ақымақтық. Мұны адам бір ойламасын, егерде бір ойласа, қайта адам болмағы- қиын іс. Тегінде адам баласы адам

баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Онан басқа нәрселермен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақшылдық» [4]. Қандай оқу формасында білім берсекте тәрбие мен білім қоса жүруі шарт. Қазіргі ұрпақ бойынан осы төрт нәрсені тапсақ, біздің еліміздің болашағы мықты, тәуелсіздігіміз тұғырлы болуына еш күмән болмас еді.

Әдебиеттер:

- К
Леонтьев В.Г. Психологические механизмы мотивации учебной деятельности: учебное пособие. – М., 1997. – 90 б.
Қрманбаева Н.М. Культура Востока и Запада: проблемы интеграции. – Алматы:Бастау, 2000. – 247с.
Қнанбаев А. Мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла. – Алматы: Алматы кітап, 2014. – 215 б.

П

.

М

.

П

с

и

х

о

л

о

г

и

ч

е

с

к

и

е

п

р

о

б

л

е

м

ы

м

о

т

и

в

а

ц

и

и

п

о

в

е

д

е

н

и

я

ч